

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY  
FACULTY OF PHILOSOPHY AND POLITICAL SCIENCE

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ  
ФАКУЛЬТЕТ ФИЛОСОФИИ И ПОЛИТОЛОГИИ



Қазақстан 2050

Жас ғалымдар мен студенттердің халықаралық  
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ» ғылыми конференциясының

## МАТЕРИАЛДАРЫ

*Алматы, 2014 ж., 8-11 сәуір*

III Том

## МАТЕРИАЛЫ

международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»

*Алматы, 8-11 апреля 2014 г.*

Том III

## MATERIALS

of International Scientific Conference  
of Students and Young Scientists  
«FARABI ALEMI»

*Almaty, April 8-11, 2014*

Volume III

ертеңгі болашақ жас ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу болашақ мамандарға зор жауапкершілікті жүктейді. Ол болашақ маманнан үздіксіз ізденуді, өз білімін үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Өйткені еліміздің ертеңгі жас ұрпақтың қолында. Болашақ маманның шеберлігі мен жетістігі – сапалы білім және жақсы тәрбие алған шәкіртіңде. Студент шығармашылығын дамыту ісі үздіксіз жүргізіле бермек. Бұл қоғам талабына сай туындайтын қажеттілік.

Сонымен, тәжірибелік-психологиялық жұмыстың нәтижесінде *егер* жоғары оқу орындарындағы студенттердің оқыту процесіндегі коммуникативті құзыреттілігін қалыптастырса, іс-әрекеттерін ұйымдастыруға негіз болатын теориялық білімдерін, жаңа технологияларды жобалау және пайдалану қабілеттерін, тәжірибелік дайындықтарын жүйелі түрде қалыптастыру жолымен жүзеге асырылатын болса, онда зерттелетін сапаны студенттерде тиімді қалыптастыруға болады деген жорамал расталды.

1. Ростунов А. Т. Формирование профессиональной пригодности. – М., 1984. – 176 с.
2. Рубинштейн С.Л. Бытие и сознание. – М., 1957.
3. Рубинштейн С.Л. Мотивы поведения деятельности. М.: 1988. – 136 с.
4. Сафин В.Ф. Роль самооценки в осознании себя студентами как субъекта педагогической деятельности. – М., 1980.
5. Слободчиков В.И., Исаев Е.И. Психология человека, М. "Школа-Пресс", 1995.
6. Унт И. Индивидуализация и дифференциация процесса обучения.
7. Харькин В.Н. Педагогическая импровизация// Педагогика. – 1989, №9.

**Ержанова М.**

1 курс магистранты,

Дүйсенбеков Д. Д.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың

жалпы және этникалық психология

кафедрасының профессоры, психол.ғ. докторы

**Ахтаева Н.С.**

жалпы және этникалық психология

кафедрасының профессоры, психол.ғ. докторы

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕН-ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

Қазіргі уақытта қоғам мен мектеп гуманизациясымен байланысты, педагогикалық парадигманың білімдіктен тұлғалық-бағытталғанға өзгеруіне байланысты, тұлғаның қалыптасу мәселесіне ерекше көңіл бөлініп отыр.

Тұлға, қоғамдық өмірдің өнімі бола отырып, тірі ағза да болып табылады. Тұлғаның мінез-құлқы мен қалыптасуындағы элеуметтік пен биологиялықтың қатынасы өте күрделі және адамның дауының түрлі кезеңдері мен басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсуіндегі түрлі жағдайларына әр түрлі әсер етеді.

Балалық шақта адамда өзіндік сана мен өзі туралы алғашқы көріністер қалыптасады. Өзіндік санын қалыптасуы мен дамуы мәселесімен байланысты психологияда баланың Мен-тұжырымдамасы да қарастырылады. Бұл мәселе бойынша келесі психологтардың жұмыстарын айтуға болады: Б.Г. Ананьев, А.Н. Леонтьев, С.С. Рубинштейн, Р. Бернс, Реан А.А., Д.Б. Эльконина, В.В. Давыдова және де өзіміздің отандық психолог М.М. Мұқановты айтпай кетуге болмайды.

Мен-тұжырымдама өзі туралы көріністер жиынтығы ретінде, олардың бағасымен сәйкестендірілген, индивидтің қоршаған ортамен өзара әрекетке түсу процесі барысында қалыптасады және өзін қалыптасуы сәтінен бастап тұлғаның дамуын анықтаушы фактор, белсенді бастаушысы болып табылады.

Мен-тұжырымдаманың қалыптасуындағы негізгі сензитивті кезең бастауыш сынып оқушыларының жасы болып табылады, себебі, осы кезеңде Мен-тұжырымдама ерекше илгіштігімен сипатталады, сондықтан бала үшін маңызды оқу-танымдық іс-әрекеті барысында оның сапалы өзгерісі болуы мүмкін.

М.М. Мұқанов «бастауыш мектеп жасындағы оқушы» деген термин тым ұзын болғандықтан оның орнына «Кіші оқушы» деген сөз қолданған, ал қазіргі кезде көп авторлар «бастауыш сынып оқушылары» немесе «Кіші мектеп жасындағылар» деп қолданатынын байқауға болады.

Жасерекшелік және педагогикалық психологияда кіші мектеп жас ерекше орынға не: бұл жаста оқу іс-әрекеті негізделеді, психикалық функциялардың өнімділігі қалыптасады, рефлексия, өзін өзі бақылау туындайды, ал іс-әрекеттер ішкі жоспармен сәйкестендіріле бастайды.

Егер осы жастағылардың негізгі әрекеті бұрын ойын болып келсе, оқуға кіргеннен кейін оқу қызметі шешуші рөл атқарады. Сөйтіп, оқу негізгі қызметке айналып, баланың психикалық дамуын билейтін болады. Осыған орай баланың психикалық дамуы ірі өзгерістерге ұшырайды. Оның жеке басына тән қасиеттерінің дамуы жүреді. «Жеке бас» деген ұғымға «Мен» деген мәніс те кіреді [1]. Яғни, бұл кезде оқушының Мен-тұжырымдамасының қалыптасуында өзгерістер жүреді.

Бала өзін білген соң құрбыларына қарағанда бәлендей тізімде қандай орын алатынын ойлап, қайткенде жақсы орынға ие болсам деп арман етеді. Бұл жағдайда баланың өзінің қандай орын алғысы келетіні туралы бағасы мен құрбыларының, не үлкендерінің ол жөніндегі бағасы арасында үлкен алшақтық болмағаны жақсы. Егер кіші оқушының өзі жөніндегі бағасы өзгелердің бағасынан асып кетсе, мұндай баланы мақтаншақ деп атайды. Керісінше, оның өзі жөніндегі бағасы өзгелердің оған беретін бағасынан төмен келсе, осындай баланы кішіпейіл дейді. Кіші оқушы өзінің ісіне, не мінезіне әлі сын көзімен қарай алмайтын болғандықтан, оның өзі жөніндегі бағасы, әдетте, өзшелердің бағасынан жоғарғы дәрежеде келеді.

Кіші оқушының жеке басы деген түсінікке оның сыпайылығы, керісінше, осыған қарама-қарсы әдепсіздік сапалары да жатады. 7-11 жастағылар көбінесе аккөңіл келетіндіктен, бұлардың көбі сыпайы болып келеді.

Кіші мектеп жасындағы оқушылардың жеке басына тән қасиеттерді тек «Мен» деген сапа тұрғысынан ғана бағалап қоймай, тиісті мөлшерлерге қалайша бағынады, мінезі, ерік-жігері қандай, ашуланғыш, не сабырлы келе ме, әсемдікті ажыратудағы талғамы және өзгелермен қатынасы қандай – осы жөнінен де алып қарауға болады.

Психологиядағы қалыптасқан көз қарас бойынша кіші мектеп жасындағы оқушылардың жетекші іс-әрекеттерінде индивидуалды және әлеуметтік даму жүреді. Ең алдымен қоғамға қатысты «Мен» позициясы қалыптасады, ақыл-ой іс-әрекетінің тәсілдері қалыптасады (ойлау дамуы, талдауға қабілеттік, жалпылау, салыстыру), сонымен қатар нақты бір жеке қасиеттер тәрбиеленеді. А.А. Реанның айтуы бойынша, бұл жастағы балаларда өзінің тұлғасын жүзеге асыруға бағыттылық пайда болады. Баланың кейінгі өмірінің перспективалары оның өзін ұғыну сферасын кеңейте түседі. Сонымен қатар мектепте балада оқушының Мен-бейнесі қалыптасады [2].

Өзіне деген сенімділік немесе сенімсіздік балада қоршаған адамдардың бағалары әсерінен және өзінің жеке іс-әрекеттері нәтижелерінен қалыптасады, онда нақты бір өзіндік бағалау қоршағандармен ұсталып тұрады және балада оны сақтап қалу үшін қажеттілік туындайды. Осы қажеттіліктің көрінісі тартымдылықтың тұрақты деңгейі болып табылады. Тартымдылық пен өзін өзі бағалау деңгейін білу, оған дұрыс әсер ету үшін керек. Бала басқа адамдардың бағасына қалай қарайтынына байланысты, алынған бағаларға байланысты олармен өзінің өзара әрекеттесуін құрайды [3].

Яғни, жоғарыда айтылғанға және А.А. Реанның ойына сүйенетін болсақ, баланың өзіне деген сенімділігі, өзін өзі бағалауы оның құндылықтық бағдарларымен және оның Мен-бейнесінің қалыптасқандығымен, шынайылығымен байланысты динамикалық туынды болып табылады.

Кіші мектеп жасының соңына қарай өзіндік бағалау өзінің іс-әрекеті, мінез-құлқы мен қарым-қатынасының мотиві ретінде көріне алады, сонымен қатар оның «Мен-тұжырымдамасының» сапалық өзгеруінің көрсеткіші болады. Бірақ сонымен қатар басқалардың бағасы өзінің мәнін жоғалтпайды, себебі, бастауыш сынып оқушысы өзінің өзіндік бағалауын басқалардың ойларымен салыстырып отырады. Одан басқа, ол өзі де басқаларды бағалаудың көзі болып табылады, сондықтан, олардың арасында өзара бағалаудың адекваттылығын қамтамасыз ететін, өзара түсінушіліктің қалыптасқаны маңызды. Мұндай шарттар ретінде қалыптасқан «Мен-тұжырымдама» жүреді.

Көптеген ғалымдардың зерттеулерінде онтогенездің батапқы кезеңдерінде адамға оның психологиялық өмірі үшін басқа адамдармен өзара әрекеттесуі маңызды екені көрсетілген. Баланың дамуының алғашқы кезеңдерінде отбасындағы ересектермен қарым-қатынастан оның әлеуметтік қатынастар әлеміне, өзіндік «Менге», өзін танудың құрылуына деген бағдарларының жалпы негізі құрылады. Мен-тұжырымдаманың қалыптасуы баламен оның ата-аналарына деген нақты бір қатынастарды иелену нәтижесі ретінде қарастырыла алады. Э. Эриксонның жұмыстарында тұлғаның дамуы тұжырымдамасының негізі ретінде «Мен сезімі» мен сәйкестілік жүрген. «Мен сезімінің» қалыптасып шығуының маңызды құралы ата-аналық махаббат пен қамқорлық [4].

Бала тұлғасының Мен-тұжырымдамасының дамуына маңызды орын алатын тағы бір әлеуметтік орта, балалық субмәдениет болып табылады [5]. Яғни өзінің қатарластарымен қарым-қатынасқа түсу. Өзімен жастылармен қарым-қатынасқа түсу – бұл іс-әрекеттің және тұлға аралық қатынастардың арнайы түрі. Осы қарым-қатынастың барысында әлеуметтік өзара әрекетке түсу дағдылары қалыптасады, оның әлеуметтік рөлдерінің жиынтығы кеңеседі, өзінің тұлғасы туралы ойлары кеңее түседі. И.С. Конның ойынша, «қоғамға қатарластарының қосылуы баланың өзін өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерін кеңейте түседі, оған жаңа рөлдер мен өзіндік бағалар критерилерін береді. «Біз» сөзін еипаттайтын құбылыстар кеңеседі, содан «Мен бейне» де күрделене түседі» [6].

Сонымен қатар, кіші оқушының өз құрбыларымен қарым-қатынасы бастауыш сыныпта оқу кезеңінің әр класында әр түрлі және осының өзі бұрын бала бақшада өсті ме, әлде үйінде өсті ме, соған орай келеді. Бұлардың коллективтік қасиетінің қалай қалыптасатынын алсақ, осының өзі 1-сыныпта әлі қалыптаспаған. Балалар бақшасында тәрбеленген балалардың бірқатары өзгелерден бөлшектеніп, өзін сол

коллектив мүшесі деп санамайтыны кездеседі. Бұлар бір-біріне жаны ашып, көмектесу дегенді білмейді. Тек өзіне басқалар кедергі жасамаса болғаны. Бірақ 2-3 сыныптарда бұл қасиеттер жойылып, бұлар өзара достаса бастайды. Баланың бір-біріне көмектесуі әуелгі уақытта мұғалімнің басшылығымен іске асады. Кейін өзара достасып, бірі өзгесіне мейірімді келе бастайды.

«Мен-тұжырымдаманың» қалыптасуына көптеген факторлардың бір үлкен жиынтығы әсер етеді, олардың ішінен «маңызды басқалармен» байланыстар ерекше маңызды, яғни, өзі туралы көрінс анықтаушылар. Қазіргі заманғы психологияда Мен-тұжырымдама тұлғаның компоненттерінің бірі ретінде, индивидтің өзіне өзі деген қатынасы ретінде қарастырылады. «Мен-тұжырымдама» түсінігі тұлғаның оның ішкі субъективті жағымен бірлік пен бүтінділікті көрсетеді, яғни, индивидке өзі туралы не белгілі екені, өзін қалай сезетіні, қалай көретіні туарлы, яғни, Мен-тұжырымдама – бұл өзіне деген бағдарлар жиынтығы. Қорытындылай келе, Мен-тұжырымдаманың дамуының негізгі мақсаты балаға қолдау, мотивация, марапаттаудың көзі ретінде өзі болуды үйретуде.

1. М.М. Мұқанов «Жас және педагогикалық психология»/ Алматы 1982.
2. Реан А.А. Психология человека от рождения до смерти САНКТ ПЕТЕРБУРГ «прайм-ЕВРОЗНАК» Издательский Дом «НЕВА» МОСКВА ОЛМА-ПРЕСС» 2002.
3. Рогов Е.И. Настольная книга практического психолога: Учеб. пособие: В 2 кн. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Владос, 2004.- Кн. 1: Система работы психолога с детьми разного возраста.
4. Эльконин Д.Б. Введение в психологию развития. М.: Тривола, 2004.
5. Абрамова Г.С. Возрастная психология. – М.: Академический проект: Альма Матер, 2005.
6. Макаренко А.С. Книга для родителей. М.: Педагогика, 1983.

**Молдашбаева А.**

1 курс магистранты,

**Байшукурова А. К.**

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың  
жалпы және этникалық психология  
кафедрасының доценті, биол.ғ. кандидаты

#### **ЖЕТКІНШЕК КЕЗЕҢІНДЕ «МЕН-КОНЦЕПЦИЯСЫНЫҢ» ҚАЛЫПТАСУЫН САЛЫСТЫРУ**

Жеткіншек жасқа келген баланың жаңа әрі күрделі кезеңі басталады. Оның себебі, бұл жасқа келген қыз бала немесе ер бала, өзінің «Мен» түсінігін қалыптастыра бастайды. Бұл уақытқа дейін «Мен» түсінігі болған жоқ деп айта алмасaq та, бұл жаста ол өмірдің кейінгі кезеңдеріне өткенде үлкен әсері болатын «Мен» түсінігі қалыптасады. Бұл жасқа дейінгі кезде жасөспірім, барлық түсінігі мен бейнелеулері көбінесе, тіпті толықтай ата-анасына тәуелді де байланысты болса керек, ал жеткіншек кезінде бала айналасындағы басқа қоғамдарға кіру арқылы жаңа түсініктер мен жаңа бейнелерге ие бола бастайды. Және де ең ыңғайлысын өз бойны сіңіреді. Бұл жастың ең қобалжытып отыратыны да – осы. Баланың «Мен» түсінігін таңдай отырып, қатесе білуі, сонымен қатар ешкімге құлақ аспауы, басқаларға сенбеуі, өзінің дұрыс санағанын іске асыруы сияқты т.б. мінез-құлық көрсетуі мүмкін. Бұлардың барлығы Мұқановтың еңбегінде жазылғаны бойынша, адамның ересек болғанша қажетті әрі орынды құбылыстар, сонымен қатар баланың өзін-қорғай білуі де жақсы көрсеткіштің бірі екендігі де айтылған.

Келесі бір зерттеуші Реан бойынша жеткіншек кезеңін өтудің екі түрі бар:

1. Адаптивті қалыптасу;
2. Деадаптивті қалыптасу.

Яғни, девиантты мінез-құлық көзденген жағдайдың өзінде, оның жағымды сипатты немесе жағымсыз сипатты болуы мүмкін. Екі түрінің жағымдысы-адаптивті қалыптасу, демек, өзінің ересек болуға дайындық кезеңіндегі өзгерістерге үйрене білуі, ал екіншісі, деадаптивті қалыптасу – жағымсыз болса керек. Қалыптасудың қандай болатыны, ата-анаға тәуелді екендігі де пайымдалған. Бұл жастағы жеткіншектің өзбеттілігін аңсағанымен, ата-анасының көмегі – ауадай қажет нәрсе. Ата-аналардың баланың көңіліне қарап, баланың тыңдауын, айтылған ақылға көну сияқты әрекеттерге түрткі болып қызықтыратын тұрғыдан жақындау қажет. «Бес жастан он беске дейін құл сияқты ұста баланды» деген қазақ халқы үшін мүмкін ауыр тиетін шығар бұл түрлі тұрғыдан балаға жақындай түсу, дегенмен Реан еңбегінде осындай бағдар көрсетеді.

Жалпы ең даланың табиғатын бойына сіңіре отырып дамыған қазақ халқының баланың есейіп келе жатқанда берген тәлім-тәрбиесі қазіргі таңда сүйенетін Батыс түсінігінен біраз айрықша. Мысалы, қазақ халқының баланы өсіру жайында мынадай сөз айтылса керек: «Баланы туылғаннан бес жасқа дейін патшадай ұста, бесінен он бесіне дейін құлдай жұмса, ал он бесінен кейін құрдасындай, теңің деп сана!».

<b>Рахимжанов М.К.</b> К ВОПРОСУ ОБ ОБЪЕКТИВНЫХ И СУБЪЕКТИВНЫХ ФАКТОРАХ МИГРАЦИИ.....	213
<b>Тухмарова Ш., Айтымбетов Н.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘСЕРІ .....	216
<b>Шәбден М.Б.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПРЕЗИДЕНТТІК ИНСТИТУТТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ .....	218
<b>Халикова Ш.Б.</b> АДМИНИСТРАТИВНАЯ РЕФОРМА В КАЗАХСТАНЕ .....	221

#### СЕКЦИЯ СОЦИОЛОГИИ И СОЦИАЛЬНОЙ РАБОТЫ

<b>Шабденова А.Б., Абдирайымова Г.С.</b> ЗДОРОВЬЕ В СТРУКТУРЕ ЦЕННОСТЕЙ НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА (РЕЗУЛЬТАТЫ СОЦИОЛОГИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ) .....	224
<b>Биекенова Н.Ж., Кенжакимова Г.А.</b> МОДЕЛИРОВАНИЕ КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЕ КУЛЬТУРЫ МОЛОДЕЖИ .....	227
<b>Дюсебаева Д.М., Нурбекова Ж.А.</b> РОЛЬ СОЦИАЛЬНОГО РАБОТНИКА В ОКАЗАНИИ ПАЛЛИАТИВНОЙ ПОМОЩИ БОЛЬНЫМ В УСЛОВИЯХ ХОСПИСА .....	230
<b>Жусупова А., Жаназарова З.Ж.</b> МҮГЕДЕК БАЛАЛАРЫ БАР ОТБАСЫЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ .....	231
<b>Капсамит М.А., Нурбекова Ж.А.</b> МОЛОДЕЖЬ – КАК ОБЪЕКТ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОЛИТИКИ .....	232
<b>Көшекеев Е.А., Амитов С.А.</b> ЕҢБЕК НАРЫҒЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫСБАСТЫЛЫҚ .....	234
<b>Муталиев Б., Садырова М.С.</b> ӘЛЕУМЕТТАНУДА ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫ ЖАСОСПІРІМДЕРДІ ЗЕРТТЕУ БАҒЫТТАРЫ .....	236
<b>Сарыбаев С.А., Әбдікерова Г.О.</b> ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТЕНУ – ӘЛЕУМЕТТЕНУДІҢ ЕРЕКШЕ ТҮРІ РЕТІНДЕ .....	238
<b>Сманқызы А., Жаназарова З.Ж.</b> ОТБАСЫМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТАҒЫ ОТБАСЫЛЫҚ ТЕРАПИЯ НЕГІЗДЕРІ .....	241
<b>Төлеуғазы Д., Абдикерова Г.О.</b> ЖЕЛІЛІК КОММУНИКАЦИЯ ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЛДАРЛАРЫ .....	242

#### СЕКЦИЯ ОБЩЕЙ И ЭТНИЧЕСКОЙ ПСИХОЛОГИИ

<b>Арынбаева Ж.</b> СТУДЕНТТЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ .....	243
<b>Ержанова М.</b> БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕН-ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ .....	246
<b>Молдашбаева А.</b> ЖЕТКІНШЕК КЕЗЕҢІНДЕ «МЕН-КОНЦЕПЦИЯСЫНЫҢ» ҚАЛЫПТАСУЫН САЛЫСТЫРУ .....	248
<b>Пахратдинова Б.</b> БАЛАНЫҢ АЛҒАШҚЫ ДАМУ КЕЗЕҢІ ЖӘНЕ «МЕНДІК» МӘСЕЛЕСІ .....	250
<b>Саипова А.</b> ЭМОЦИОНАЛЬНЫЕ СОСТОЯНИЯ, ВЛИЯЮЩИЕ НА ЭФФЕКТИВНОСТЬ ТРУДОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ И МЕТОДЫ ИХ ОЦЕНКИ .....	252
<b>Самарханова М.</b> ИЗУЧЕНИЕ ПРОБЛЕМЫ САМОПОЗНАНИЯ В ЗАРУБЕЖНОЙ И ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ПСИХОЛОГИИ .....	255